

АБАЙДЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

С.Т. Нұртөлеуов^{1*}, М.К. Каримов²

^{1,2}*Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)*

E-mail: nurtoleuovsultan@gmail.com^{1*}

karimov_51@mail.ru²

¹<https://orcid.org/0009-0002-5217-2165>

²<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының қоғамдық-саяси қайраткерлігі, болыстық қызметі және қазақтың дәстүрлі құқық жүйесін реформалаудағы тарихи рөлі талданады. Абайтануда тұлғаның ақындық және философиялық кырлары жан-жақты қарастырылғанымен, оның ел басқару ісіндегі қызметі, құқықтық ой-санасы, билік айтудағы тәжірибесі ғылыми айналымда толық әрі жүйелі түрде бағаланбаған.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері – Абайдың қайраткерлік жолының негізгі кезеңдерін нақты тарихи оқиғалар мен жарияланған деректердегі архивтік құжаттар негізінде талдау; Абай қайраткерлігінің Абайтану ғылымындағы орны мен өзектілігін анықтау. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында архив деректері, XIX ғасырдың ресми құжаттары, Абай contemporaries-інің естеліктері, сондай-ақ алғашқы өмірбаяндық еңбектер (Бөкейханов, Ысқақов, Рамазанов) жан-жақты салыстырылып, Абайдың қоғамдық қызметінің даму хронологиясы айқындалды. XVI-XIX ғасырлардағы билер сотының қағидаттарымен сабақтастығы бар Абайдың құқықтық көзқарастары реформаторлық сипатта болғаны дәлелденді. Қарамола съезінде қабылданған 73 баптан тұратын ереже – Абайдың құқықтық мәдениетінің жоғарылығын, оның әкімшілік-құқықтық институттарды жетілдіруге бағытталған ой-тұжырымдарын көрсететін бірегей құжат екені анықталды. *Қорытынды.* Абайдың қайраткерлік болмысы – қазақ халқының құқықтық ойы мен қоғамдық басқару мәдениетінің жаңа кезеңге өтуіне ықпал еткен тарихи құбылыс. Оның болыстық қызметі, дау шешудегі әділеттілігі, құқықтық нормаларды жаңғыртуға қосқан үлесі, реформаторлық әрекеттері ұлттық құқықтық сананың дамуындағы маңызды тарихи белес ретінде бағаланады. Бұл бағыттағы зерттеулердің жалғасуы Абайтанудың ғылыми өрісін кеңейтіп, Абайды тек ақын және ойшыл ретінде емес, ұлттық құқықтық мәдениетті қалыптастырған қайраткер ретінде тануға негіз қалайды.

Түйін сөздер: Семей, қоғамдық-саяси қызметтер, Абай Құнанбайұлы, әдет заңы, билер институты, Қарамола ережесі, өлкетану.

Кіріспе

Абайтануда Абай ақын, ойшыл ретінде зерттеледі. Ал Абайдың қоғамдағы қайраткерлік орны, ел ағасы және әділ де парасатты би болғаны, ел ішіндегі болыстық қызметі көп жағдайда назардан тыс қалады. Күнделікті өмірге Абай немқұрайлы қарай алмаған, тіптен айналасындағылардың жүріс-тұрысы, киім үлгісі, мінез-құлқы, сөз сөйлеуінен оғаштық байқап қалса, сол мезетте турасын айтып жөнге салған. Биыл, Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Десе де, Абайды күні бүгінге дейін көбіне ақын, философ деп қараймыз. Бұл орынды пайым. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өзінің өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Тіпті, Абайтану саласының арқауы болып отырған адамтану ойларына, Абайдың іс-тәжірибие арқылы жеткендігін байқаймыз.

Абайдың қайраткерлігі 1858 жылдары әкесі Құнанбайдың оқудан алдырып, ел ісіне араластырумен басталады. Енді Абайдың өсу, жетілу сатылары орын алады. Абай расында әкесін жоғары бағалаған және оның тапсырмасы бойынша Бауырды (Шыңғыс) түгел аралап,

әкесінің көз-құлағы болуы да бекер емес. Абайдың қыр қазақтарының тұрмыс-тіршілігін осы сәттен тани бастағанын көреміз. Абайдың ел ішіндегі өмірге белсене араласып, қалыптасқан уақыты 1865 жылы болыстық сайлауда Құдайберді Күшік-тобықты еліне болыс, ал жиырма жастағы Абай оған кандидаттыққа сайлануымен көрінеді. Абайтанудағы Абай болмысының маңызды тұсы осы. Себебі біз білетін Абайдың хәкімдік жолының өзегі Абайдың жігіт шағындағы (20 жас) қайраткерлігімен, болыстық қызметімен байланысты. Сол үшін де Абайдың бұл қыры өзекті. Ендеше, Абайтанудағы өзекті мәселелер мен зерттеулерді қажет ететін тақырып осы – Абайдың қайраткерлігі. Оның қоғамдық-саяси қызметі, қайраткерлігі жайында едәуір зерттеулер кездеседі. Бірақ, зерттеу нысанының объективтілігі, жазу мүмкіншілігі, тарихи контексті толық сақталды деп айта алмаймыз. Абайдың өзекті бұл болмысына сыни көзқарас танытып, қайраткерлік қызметін толық зерттеу нысаны ретінде алып талдау, қазіргі таңдағы Абайтану саласының маңызды әрі өзекті нысаны.

Материалдар мен әдістер

Абай Құнанбаевтың өмірбаянына қатысты дерек көздерінің зерттелу тарихы – оған арналып әр жылдарда жазылған өмірбаяндарының тарихымен байланысты. Себебі, белгілі бір дерек көздеріне сүйене отырып жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері осы жүйеленген өмірбаяндарда көрініс тапқан. Бірінші кезеңде жазылған ақын өмірбаяндарының қатарында 1905 жылы жарық көрген Ә. Бөкейхановтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деген «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған мақаласы (Букейханов, 1905), К. Ысқақовтың, ақынның 1909 жылы шыққан тұңғыш жинағына жазған «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының өмірі» деген өмірбаяндық шағын мақаласын (Ысқақов, 1909: 1-2) және Москва есеп-кредит институтының студенті Нұх Рамазановтың «Абай Құнанбаев» деген өмірбаяндық очеркін (Рамазанов, 1914: 224-227) жатқызуға болады. Бұл аталған еңбектер көлемдерінің шағындығына қарамастан, сол кезең үшін ұлы Абайды жұртшылыққа насихаттауда, танытуда зор рөл атқарады. Десе де аталған еңбектердің авторларында, архив құжаттарын қарау мүмкіндігі болмады.

Келесі бір толқын еңбектер, Абай мұрасын таныстыру және насихаттау үлгісінде болғаны байқалтады. Оған оның өзіндік хронологиялық кеңістігі де, уақыты да сай. Мұндай еңбектердің қатарында А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М. Дулатовтың «Абай», С. Нұржановтың «Наши поэты и литература», Екеудің (бүркеншік) «Абайдың өнері мен қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар», Ғ. Сағидың «Абай», Ы. Мұстамбаевтың «Ұлы ақын Абай» және «Абай», Б. Кенжебаевтың «Абай» деген мақалаларын (Кенжебаев, 1925) жатқызуға болады. Біз бұл арада аталған мақалаларға жеке-жеке тоқталып жатпадық. Себебі, бұл еңбектердің сыр-сипаты профессор М. Мырзахметовтың «Абайтану тарихы» деген монографиясында жан-жақты баяндалған (Мырзахметов, 1994).

Бұл саладағы ізденістер, зерттеу жұмыстары отызыншы жылдардың соңынан басталып, күні бүгінге дейін жүргізіліп келеді. Осы орайда аталған іске ерекше еңбек сіңірген академик Ә. Марғұлан, архив маманы, тарихшы Ф.Н. Криеев, тарихшылар Е. Бекмаханов, Л.М. Әуезова, Г. Семенюк, Ф. Маликов, Б. Аккерман, Ә. Жиреншин, Ж. Қасымбаев, әдебиетшілер Қ. Мұқаметханов, М. Мырзахметов, М. Бейсенбаев, Т. Жұртбаев, Б. Асылжанов сияқты ғалымдардың есімдерін құрметпен атап өткеніміз жөн. Олар өз зерттеулерінде Абай өмірбаянына қатысты архив документтерін шама-шарқынша пайдаланып, көптеген «ақтандақ» тұстарды толықтыруға, жаңғыртуға үлес қосты. Осылайша Абайдың өмірі туралы түсінігіміз молыға түсті және бұл мәселені әрі қарай тереңдей зерттеуге негіз қаланды.

Тағы бір тілге тиек ететін еңбек, абайтанушы Бейсенбай Байғалиевтың «Абай өмірбаяны: архив деректерінде» мазмұнды еңбегі. Айтылған еңбекте, ақын өмірбаянына қатысты дерек көздерінің зерттелу тарихын, шартты түрде үшке бөліп қарастырған. Бірінші кезең – ұлы ақынның алғашқы шағын түрдегі өмірбаяндары жазылған 1905 – 1932 жылдар аралығын, екінші кезең – ұлы ақынның толық түрдегі ғылыми өмірбаяндары жарияланған 1933 – 1961 жылдарды, үшінші кезең – бұл салада 1962 жылдан бүгінгі күнге дейін жүргізілген ғылыми зерттеулерді қамтиды (Байғалиев, 2001).

Абайдың қоғамдық өмірге байланысты, құқықтық мәселелерге арналған шығармалары, қайраткерлігі, билік айтуы терең зерттелген, аяқталған тақырып деуге болмайды. Тіпті табалдырығын енді бекіткен, ашылу керек қыры десекте артық емес. Кеңес Одағы кезінде бұл тақырыпқа алғаш қалам тартқандар қатарында Тайыр Құлтелеев (Құлтелеев, 1950: 99-110) пен Айдарат Тәуекелов (Таукелов, 1960: 91-107) болды. Бірақ оларға Абайдың заңға, құқыққа байланысты барлық пікірлерін, соның ішінде Абайдың қайраткерлік қызметін зерттеу нысаны ретінде алуға мүмкіндік болмады. Кезінде белгілі ғалым – Мұсатай Ақынжанов «Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы» – деген мақаласын жазған. Аса тартымды бұл еңбекте Абайдың қайраткерлік жағы сөз етілсе де, айтулы оқиғалар айтылмаған. Мысалы: Шар өзенінің бойындағы Абай «төбеби» сайланған – Қарамола ережесі. Абай Құнанбайұлының құқықтық көзқарастарына байланысты біраз зерттеулер, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап жариялана бастады. Қазақ елінің әдеттегі құқықтық жүйесіне реформаторлық өзгеріс енгізген ғұлама Абайдың заңгерлік қасиеттеріне зерттеушілік зейінін аударған ғалымдардың бірі – Сәкен Өзбекұлы болды. Ол «Абай және адам құқы» (Өзбекұлы, 1995) ғылыми еңбегінде Абайдың шығармаларындағы құқықтық мемлекет идеясының ең өзекті мәселелерінің бірі адам құқығына қатысты мәселеге ерекше назар аударады. Бірақ бұл жерде Абайдың тек құқықтық көзқарастары арнайы зерттеу нысаны ретінде алынғандықтан, қайраткерлік қызметі толық қамтылмаған.

Байқауымызша, бірі Абайдың қайраткерлігін сөз етсе, бірі заңгерлігін зерттеу нысаны ретінде қарастырған. Абайдың қайраткерлігі, болыстық қызметі, билік айтуы, әдет заңының шебер білгірі болуы кездейсоқ нәрсе емес. Осы жерде біз әуелі салыстырмалы әдісті қолдана отыра, тарихи-жүйелік әдісі (systematic-historical method) арқылы бір ізділікке келтіруге тырысамыз.

Талқылау

Абайдың құқықтық, құқықтық-саяси көзқарастары, қайраткерлік қызметі де прогрессивтік бағытта болды. Ол қазақ халқының би-шешендерінің игі дәстүрін жаңғырта отырып, жер, жесір, мал дауларын шешкен, әділ төрелік айтып, заңгерлік қызмет те атқарған. Өзіне дейінгі билер мұрасын саралай келе, құқықтық-саяси идеяларын тұжырымдаған. Қазақтың әдеттік заңына заман талабына сай өзгерістер енгізген (Қарамола сиезінің ережесі). Ресей қазақтарды отарлау саясатын барынша игеріп тұрған уақытта өмір сүрген Абай өз заманында замандастарының, соңынан ерген шәкірттерінің құқықтық-саяси сауаттылық алуындағы, мәдениет пен саясат жолындағы рухани ұстазына айналып, кейіннен олардың ұлт ісінде айрықша серпілуіне ықпал еткені талданады.

Қазақтың қоғамдық қайраткерлік өмірі – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен, өзіндік ерекшелігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Қазақ халқының құқықтық өміріне терең де, әділетті сипаттаманы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ойшыл, әрі қазақ құқығының білгірі Абай Құнанбайұлы да беріп кетті.

Оның пайымдауынша көшпелі қазақтар мәдени және сауаттылық, тұрмыс-тіршілік жағынан артта қалып қойса да, екі айырмашылығы бар екенін, Абай төмендегідей тұжырымдайды: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардың артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінез қайсы десең, әуелі – заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылар қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмен болмайды екен... Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен... Бұларда арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық. Ендігілердің достығы – бейіл емес, не күндестік не тыныш отыра алмағандық» (Зиманов, 2005).

Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында көп зерттелген де, шығармашылық мұрасы жан-жақты талданып, ғалымдардың тыңғылықты назарына ілінгені де Абай екендігі даусыз. М.О. Әуезов төрт рет жазған ғылыми өмір-баянының орны ерекше. Белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметов сөзімен айтсақ: «М. Әуезов қаламынан туған Абайдың ғылыми өмір баяны – абайтану саласындағы бірегей еңбек. Архив деректері, не күнделік жазба деректері сақталмаған жағдайда Абай өмірбаянын ел аузынан ақын замандастарының жадында сақталған естеліктердің жұрнағын мысқылдап жинап, оларды екшей сұрыптап жазу үшін ұзақ жылдар бойы сарыла іздеуді басынан кешірді» (Мырзахметов, 1997).

Біз, Абай Құнанбайұлының биографиялық тарихына тоқталып жатпаймыз, тек нақтылы зерттеу нысаны арқылы, тарихи зерттеулерді және деректерді, жарияланған архив құжаттарын басқа қырынан талдап, кезі келсе жаңаша пайымдармен толықтырамыз. Өйткені, ұлы Абайдың ақындық әлемі оның қоғамдық-әлеуметтік қызметімен, ол өмір сүрген қоғамның саяси-экономикалық ахуалымен іштей қабысып, тығыз байланысып жатады. Көпшілік жағдайда ақын басынан кешкен өмір шындығы оның қайталанбас бірегей туындыларына сәуле түсіріп, көркемдік шындыққа айналып отырған.

Міне, сондықтан да ақын өмірбаянын жазбаша сақталған дерек көздері арқылы тереңдей зерттеп, жаңаша пайымдау – абайтанудағы ең маңызды, ең өзекті бағыттың бірі саналады.

Зерттеу нәтижелері

Абай Құнанбайұлы – өз заманының шынайы болмысын терең сезініп, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен рухани күйін дәл бейнелеген кемеңгер тұлға. Ол қазақ халқын кері тартқан рухани қайшылықтар мен мінездің кемшіліктерін анық танып, мәнін философиялық тұрғыдан саралай білді. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі мен шығармашылық мұрасын зерделеген ғалымдар Абайдың болыстық қызметтегі қоғамдық рөлін, ел ішіндегі ықпалын анық айғақтады.

Абайдың атасы – Өскенбай тобықтының атақты биі Кеңгірбайдан соң билік тізгінін ұстаған адам. Әкесі Құнанбай – аға сұлтан, қоғам қайраткері болды. Абайдың ата тегіне жасалған шолуды қазақтың классик жазушысы әрі көрнекті ғалымы Мұхтар Мағауиннің айтқанымен сабақтайық: «Құнекеңнің алтыншы атасы – Сары деген кісі Есім ханның заманында қол бастаған батыр болған. Атақты қатағанның ханы Тұрсынның Қоңырбике деген қызын алған. Қоңырбикеден Кішік туған, онан барып Абай тарайды. Осы тұрғыдан алатын болсақ, Құнекең – тура Әз-Жәнібек хан, онан әрі қарай Орыс хан, онан әрі Жошы хан, онан әрі тура Шыңғыс ханның қатысы бар болып шығады» (Омаров, 2015). Тұжыра айтқанда, Абайдың сөзіндегі мінез жұғатынының бір өкілі, осы – ата тегі.

Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ, толық ұғынып, өз өміріне үлгі қылуға тырысқан. Абайдың бойында қос бейне: бірі – ақын, бірі – қайраткерлік қалыптасқанын байқаймыз. Өз дәуірі Абайды, дара да дана би етіп қалыптасуына қосымша ықпал еткен. Абай өзінің заманында 4 мәрте болыс сайланған адам. Осы ретте біз, алдын жазылған зерттеу жұмыстарына түзету ретінде ескертетін болсақ, Абайдың төрт мәрте болыстыққа сайлануы оның тек әкімшілік қызметпен айналыспағанын, керісінше, қазақ қоғамын жаңғыртуға бағытталған реформалық әрекеттерге барғанын көрсетеді. Абай әділеттілікті ту етіп, әсіресе, әйел теңдігін қорғау, жесір мәселесі мен жер дауын әділ шешу жолында белсенділік танытты. Атап айтқанда, 1885 жылы Қарамола съезінде қабылданған заң жобасына Абайдың төбеби сайлануы, оның бастамасымен арнайы баптар енгізілгені Абайдың тарихи бейнесін көрсетіп отыр.

Құнанбай баласын ерте жастан бастап ел ішіндегі даулы мәселелерге қатыстырып, оны дәстүрлі билік жүйесінің қыр-сырына қанықтыруға тырысқан. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамының құрылымы түгелдей дала заңына негізделіп, рулар мен қауымдар арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта және өзге де әлеуметтік-құқықтық келіспеушіліктерді реттеу ісі билік иелерінің басты міндеті болды. Мұндай күрделі құқықтық қатынастарды басқару тәжірибесі Құнанбайдан Абайға мұра болып, оның қоғамдық ой-санасының қалыптасуына

және әділдік жолындағы ұстанымдарына тікелей ықпал етті. Ұлы ақын есімін қалың көпшілікке кеңінен таныстыруды мақсат еткен Ә. Бөкейханов, К. Ысқақов, А.Н. Седельников, Н. Рамазановтың еңбектерінде көбінесе оның шығармашылығына назар аударылып, ал ел басқару қызметін сөз етілмеді. Себебі, Совет өкіметі жылдарында Абайдың ел басқару қызметі туралы терең зерттеулер қиынға соқты. Бай табының идеясына түбегейлі қарсы Кеңестік билік ақын өмірбаянына қатысты дерек көздері шоғырланған архив мекемелері Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД), Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) қарамағында болуына байланысты зерттеуші-ғалымдардың архив қорларындағы деректер мен мәліметтерге қолдарын жеткізе алмады.

Абай Құнанбайұлының басты өмірбаянын жазған Мұхтар Әуезовтің де ғылыми ізденіс жолы осындай шектеулерге тап болды. Архив деректеріне қол жеткізе алмаған Әуезов өз еңбектерін негізінен ауызша сұхбаттар мен халық жадындағы деректерге сүйене отырып жазуға мәжбүр болды. Бұл туралы ол кейінірек: «Менде хаттар, күнделіктер, естеліктер болмағандықтан, тек ауызша деректерге сүйендім; ал кейінірек ғана Киреев арқылы кейбір архив материалдарын табу мүмкін болды» (Әуезов, 1985), – деп атап өткен болатын.

Архивтік материалдар Абай Құнанбаевтың Кішік-Тобықты елінде болыстық қызметті алғаш рет 1866 жылдан бастап атқара бастағанын дәлелдейді. Бұл жайында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттардың бірі (БАЙҒАЛИЕВ, 2001) – Сергиополь сыртқы округтік приказының Кішік-Тобықты елі құрамындағы Байжігіт руының ішінде көшіп кеткен бірнеше отбасы жөнінде толық мәлімет ұсынуды сұрап жолдаған ресми қатынасына жауап ретінде берілген мәлімет куәлік етеді. Аталған құжатта Абай Құнанбаев Кішік Тобықты болысының басқарушысы ретінде түсініктеме беріп, өз рапорты мен жауабын 1866 жылғы 13 шілдеде жолдаған. Абайдың бұл рапорты тіркелген «Дело об уковании казахов рода Урус-Коржау Кучук Тобуклинской волости Куттубаев и других в Байжигитовские волости» деген архив ісіндегі деректер және ондағы басқа деректер және ондағы басқа қосалқы документтер Абайдың қандай жағдайға байланысты болыстық қызметке келгендігінен ақпарат береді.

Заседатель Абынның Сергиополь сыртқы округтік приказына 1866 жылы 30 маусымда берген түсінігінде:

«Құрметпен хабарлаймын, Кішік Тобықты болысының Урус-Каржау руынан Қонтаев бастаған қырғыздардың көшіп кетуі туралы Округтік Приказға ресми түрде хабарланбаған, өйткені бұл жөнінде маған ешкімнен ешқандай өтініш те, мәлімдеме де түскен жоқ. Соған қарамастан, олардың көшіп кету себептерін анықтау мақсатында мен тексеру жүргіздім. Бұл тексеру болыс басқарушысы Құдайберді Құнанбаевтың (марқұм) тікелей Сергиополь Округтік Приказына жіберген рапортына негізделді, кейін ол Приказ тарапынан маған жолданған болатын» (Байғалиев, 2001) – деп жазылған. Бұған қарағанда, 1866 жылдың басында Күшік-Тобықты елінде болыстық қызметті Құдайберді Құнанбаев, ал ол қайтыс болғаннан кейін Абайдың атқарғандығын байқауға болады.

Абайдың болыстық қызметін алғаш Кішік-Тобықты елінде бастағанын баласы Тұрағұл Ибраһимов өзінің 1927 жылы жазған «Әкем Абай туралы» деген естелік жазбасында: «Менің әкем жиырма жасында Құдайберді деген ағасына кандидаттыққа бір сайланған екен. Құдайберді өлген соң араз жағы жасы толымсыз деп көрсетіп, түсіп қалған екен» (Тұрағұл, 2014) – деп атап өтеді. Тұрағұл деректері шындыққа келеді, тек Құдайберді қайтыс болғаннан кейін Абай орнынан түсіп қалмаған, керісінше, оның орнына болыстық қызметті атқарған. Оған жоғарыда сөз болған архив деректері дәлел бола алады. Сонымен бірге, Құнанбай ауылының бала оқытушы молласы Ғабитханның 1866 жылы 4 ақпанда Омбыда оқитын Абайдың інісі Халиуллаға жазған хатындағы «Хұдайберді мырзамыз июлден должной болыс болып тұр. Жаңа қайтадан сайлаушы шықмақ болып тұр. Өзінің сырқауы бар» (Тұрағұл, 2014) деген дерегі Тұрағұл келтірген мәліметті толықтыра түседі. Яғни, осы деректерді және сол кездегі төрт болыс Тобықты еліндегі болыстық сайлаудың ретін негізге ала отырып, 1865 жылғы кезектен тыс болған болыстық сайлауда Күшік Тобықты болысына болыстыққа Құдайберді Құнанбаев, оған кандидат болып Абай сайланған. Болыстың міндеті мен құқығы

туралы ережеде белгілі себептермен (ауру, не істі болса) болыстық қызметін атқара алмайтын жағдайда оның міндеті кандидатқа жүктелетіндігі көрсетілген. Сондықтан да қайтыс болған Құдайбердінің болыстық міндетін кандидаты Абайдың атқаруы заңды екенін көреміз.

Абайдың қоғамдық-мәдени қызметінің басты саласының бірі – оның жергілікті патша әкімшілігі тарапынан құрылып, солардың басқаруымен жұмыс істеген ғылыми мәні, мемлекеттік маңызы бар мәдени-ағарту екемелерінде атқарған қызметі. Бұл мекемелердің негізгі мақсаты мен міндеті Семей облысына қарасты қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, әдет-ғұрпын жан-жақты зерттеп, патша өкіметінің отарлау саясатының түбегейлі жүзеге асуына алғышарттар жасап отыру болатын. Абай өзінің замандас орыс достарының ұсынысымен Семей қаласында 1877 жылы құрылған алғашқы ғылым мекеме – Семей облыстық статистикалық комитетіне 1886 жылы 4 мамырда толық мүше болып сайланды. Осы комитет мүшесі ретінде ол облыстық өлкетану музейінің (комитет мүшелерінің күшімен 1883 жылы 24 қыркүйекте ірге көтерген) ішінен ашылған этнографиялық бөлімнің жабдықталуына айтарлықтай үлес қосты. Жаңадан ұйымдастырылған бөлімге ел арасынан халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, күн көріс кәсібіне, шаруашылығына қатысты этнографиялық экспонаттарды көптеп жинап, бұл бағалы бұйымдарды Абай алғашында музей қорына Н.И. Долгополов арқылы, кейін тікелей өз атынан тапсырып отырды.

Ұлы ақын Семей облысының әскери-губернаторы В.С. Цеклинскийдің қолдауымен 1887 жылы құрылған Семей қалалық бастауыш білім қамқоршылары қоғамның жұмысына да кезінде белсене ат салысты. Семей қаласындағы бастауыш мектептерде оқитын мұқтаж шәкірттерге жәрдем беріп, көмек көрсететін қоғамның ақшалай қаражаты мүшелік жарналар мен қайырымды адамдардың жәрдемге берген адамдарынан құралатын. Қоғамға қала интеллигенциясы, дәулетті байлар, қалталы пайдагерлер, ауқатты қыр қазақтары қаржылай көмек берді. Қоғам кассасына жиналған ақша мұқтаж шәкірттердің ата-аналарына киім-кешек, оқу құралдарын сатып алу үшін беріліп тұрды. Ұлы Абайдың аталған қоғам жұмысына қатысын айғақтайтын архивтік документтің көшірмесі ақынның Семейдегі музейінде сақтаулы тұр. Онда қамқоршылар тізімі былай көрсетілген:

«Список членов общества попечения о начальном образовании в г. Семипалатинске за 1893 – 1894 гг. действительные члены:

В Семипалатинском уезде:

Альжанов 1 р.

Бисекеев Каричал 1 р.

Грубее Адольф Егорович 3 р.

Джакупов Акберди 1 р.

Джангелдин Бертысбек 2 р.

Джангелдин Айтказы 2 р.

Джуртубаев Бисембы 1 р.

Бисенбаев Кирейбай 1 р.

Кунанбаев Акылбай Ибрагимович 3 р.

Кунанбаев Ибрагим Кунанбаевич 3 р.

Кунанбаев Магавья Ибрагимович 1 р» (Байғалиев, 2001). Бұл дерекке қарағанда аталған қоғамға Абайдың тек өзі ғана емес, екі баласы, бірнеше жақын туысы, таныс достары да толық мүше болып, қайырымдылық көмек көрсеткен.

Ұлы Абайдың ел басқару жүйесінде атқарған іскер басшылығы, турашыл, әділетті билігі өз кезінде бұқара халық пен жергілікті әкімшілік тарапынан өте жоғары бағаланды. Ол өкімет алдында сіңірген еңбегі үшін «Құрметті қазақ» атағымен, 1876 жылы 3 разрядты кафтанмен, ал 1890 жылы аңшы мылтығымен де марапатталған.

Абайдың қазір де өзекті қыры, ол оның қазақ құқығының білгірлігі. Н. Я. Коншиннің жазбаларында «1885 жылғы жалпы облыстық Ережені облыстық әкімшілік орны бастырып шығармақ болды, бұған қазақтар мен қатар молдалар да қатысты. Әлі есімде бұл ереже басылып та шықты. Осы ережені жасауға қазақтың белгілі ақыны Абай Құнанбаев та

қатысты»-деп мәлімет береді (Коншин, 116). Бірақ зерттеуші Н. Я. Коншин бұл уақытта Семей қаласында болмаған. Десе де дерегі, ережені 73-бабындағы нұсқаумен сәйкес келеді.

Абай Құнанбаевтың аты-жөні Ереженің 73-бабында Шыңғыс елінің құрметті қазағы деп көрсетіліп, құжатты әзірлеушілердің бірі ретінде қол қойған. Қарамола ережесі Семей облысының әскери губернаторының жарлығымен осы облысқа қарасты Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан уездері арасында туған дауларды, саяси құқықтық негізде шешу үшін жасап бекітілген құжат. Құрылымы жағынан 73 баптан тұратын құжатты жасап бекіткендердің аты-жөндері ереженің 73-бабында нақты көрсетілген. Ережені түзуде 100-ден астам билер мен молдалар қатысқан көрінеді (Жиреншин 1961).

Осы маңызы үлкен мемлекеттік дейтіндей құжатты дайындауға жетекшілікке Абайдың таңдап алынуы жайдан-жай нәрсе емес. Семей облысының сол кездегі әскери-губернаторы Цекилинский қажетті құжатты дайындайтын, оған жетекшілік жасайтын қазақтың әдеттік заңын жетік білетін адамды іздегені сөзсіз. Цекилинский сол кездерде енді ғана Семей облысының басшысы болып тағайындалғандықтан Абайды көрмеген. Бірақ сұрау барысында облыстық канцелярияның шенеуніктері ондай адамның бар екендігін, оның Абай Құнанбайұлы екендігін айтқан.

Сиез өткен Қарамола, Семей қаласынан 70 шақырым болатын жерде, Шар (*моңғол тілінде – сары*) өзенінің бойында орналасқан. Бұл жерде үнемі жаз шыққанда Семей облысындағы Қояндыдан кейінгі ең үлкен Қарамола жәрмеңкесі өткізіліп тұрған. 1885 жылғы мамыр айында өткен уез аралық төтенше сиездің орталығы ретінде Қарамоланың таңдап алынуының себептері бар. Бірі – мұндағы Арқадағы атақты жәрмеңке болса, екіншісі орналасқан жерінің барлық уездерге жақын болуы.

Қарамола ережесінің бір көшірмесі Ғабит Мүсіреповтың қолында болғандығы, кейіннен сол уақытта Абайдың қасында болған Мүсірәлі ақсақалдың естелігі де жарияланды (Абай журналы, 1992/4: 77-78). Осы дерек бойынша Абайдың бұл ережені жазып шығуға аз уақыт берілгендігі айтылады. Абайдың бұл ережені 3 (4) күн ішінде жазғаны, және ең бастысы ақылдасу арқылы, тіпті кейбір баптарды арнайы жазғызғанын дәл басып айта аламыз. Бұл да Абайдың көрегенділігінің бір қыры. Бұл оның саяси-құқықтық көзқарасының тереңдігін және тарихи прогреске қосқан үлесін көрсетеді.

Оған дәлел, Абайдың ережеге 18-ші болып қол қойғандығы. Ережеге қол қойған өзге де 50 шақты би-болыстың ереже түзуде өзіндік ықпалы мен орны болмады деу тарихи әділетсіздік. Бұл Абайтануға да жасаған қиянат болары сөзсіз. Ереже түзу қоғамдық шара болғандықтан діни сауатты молдалардың қатысуы – сол кездегі қоғам талабы. Ережедегі 29, 37, 40, 55-баптарында шарияттың табы қалған нормаларға талдау жасағанда молдалардың да ереже түзуге тигізген ықпалын ескеру қажет екені байқалады. Мысалы: аталған баптардағы дүре соғу, шарият төңірегінде жазалау. Сондықтан да біз Абайды Қарамола Ережесін әзірлеушілерінің ішіндегі бірегейі ретінде қарастырғанымыз жөн.

Абай қоғамдағы әділетсіздіктерді жою үшін заңдардың айқын әрі әділ болуына назар аударды. Әйел құқығы және отбасылық қатынастар. Құжатта әйелдердің құқығын қорғау мәселесі де қарастырылды. Ол заманда әйелдердің мұрагерлік, ажырасу және өз мүлкіне иелік ету құқықтары шектеулі болды. «Қарамола ережесі» арқылы әйелдердің қоғамдағы орны айқындалып, оларға қатысты әділетсіз шешімдердің алдын алу көзделді. Жазалау және қылмыстық құқық Абайдың бұл реформасы дәстүрлі билер сотының кейбір қатаң жазалау әдістерін жұмсартуға бағытталды. Қылмыстық істерде кінәліні дәлелсіз жазаламау қағидасы енгізіліп, айыппұл мен материалдық өтемақы сияқты баламалы жаза түрлері қарастырылды.

Сондықтан да Ереженің 39-бабы: «Ұрлыққа жаһат еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады» - деп қылмыстың құрамында ашуға тырысты. Осы ереженің мазмұнын, 60-бапта, ұры серіктерін анықтап береді: 1) ұрыға ат берушілер; 2) ұрлық істегендер; 3) ұрлық малды жасырушылар; 4) істелген ұрлықты біле тұра жасырушылар. Ереже бойынша аталған адамдар айып тартарда солидарлы (бірігіп) жауап береді. Егер өтеуге малы жетпесе субсидиярлы сипатта әкімшілік бөлініс ескеріле отырып топ басындағы кісілер және халқы жауаптылыққа қоса тартылады. Бұл жерден біз бір емес бірнеше гуманистік-құқықтық

ерекшеліктерді байқаймыз. Сонымен қатар Абайдың қарапайым өмірде де заңнамасыз жазалау түрлері де болған. Онысы ұрының ұрлығын сатып алу. Қорамжан сияқты ұрылардың ұрлығын сатып алып, адам қатарына қосқаны туралы әңгімелері де ел арасында тараған.

Ережедегі таңқалдыратын тағы бір бап, 34-бап. Айтулы бапты: «Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран һәм суықта сол сияқты түрлі себептерде болысып, көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады» - деп келеді. Бұл баптан біз Абайдың құқықтық принциптік позициясын көре аламыз. Абай пәлсапасындағы ар мәселесінің төркінін осы жерден көруге болады. Ереженің соңғы баптарында Қарамола төтенше сиезінің шешімдерінің талқыға салынбайтын, аяқталған құжат екендігі және оны барша лауазым иелері мен билердің нұсқаға алуларының керектігі көрсетілген. Бұл деген сөз, бекітілген ереженің нақтылығы және ортақ екенінің көрінісі. Қарамола ережесі заманалы өміршен ереже, ең бастысы қоғамды ұйыстыру, ішкі формальды және моральды тәртіпке бағыну сияқты міндеттік жұмысы бар. Қарамола ережесі қазақ тарихындағы құқықтық-саяси ережелердің жүйелісі, қолданылғаны, қолдау тапқаны болды.

Абайдың орыс достары жөнінде әлсін атап өттік. Абай сонымен қатар Семейдегі мұсылман қауымымен де өте тығыз байланыста болған. Бұл байланысы алдыңғы байланысынан артығырақ болмаса кем болған емес. Әбілпейіз сұлтан тамызық болған Семей қаласының даму тарихында, мұсылман институттарының маңызы зор. Ресейдің 1858 жылғы ресми дереккөздеріне сәйкес Семей қаласында 19 мұсылман ғалымы болғаны жазылады. Ал Ахмет Уәли 1888 жылға қарай Семейде мұсылман ғалымдарының саны 23 болғанын жазады. Семейдегі жетінші мешіттің имамы болған Ахмет Уәлидің білімі жайлы, ол емтихан тапсырар алдында «сіз ахундыққа лайық екенсіз» деген империядағы хафиздерден баға алады (Мұқанов, 2025: 48). Сондықтан Ахмет Уәлидің Семей арасында атағы кең болғаны белгілі. Абайдың да Ахмет Уәли бастаған мұсылман қауымымен өте жақын араласқанын, Қарамола ережесінің 29-бабындағы: «Адам мүшесі мерткісе, өкім шарифат бойынша айтылады. Мұндайда қателікке жол берілмегені жөн. Бұл міндеттер Семейдегі Ахмет Уәли Манасыпұлына және Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббасұлына тапсырылса, олардың шығарған шешімдері осы ережеге тіркелсе, дұрыс болар еді» деректен байқаймыз. Абай Ахмет Уәлидің діни білімін мойындаған жан деуге әсте болады. XX ғасырдың басынан бастап Семей қаласына жаңа бір толқын, Гаспиринский бастаған жәдитшілдік идея келе бастады. 1908 жылы ашылған мұсылман-орыс кітапханасы, 1910 жылы құрылған мұсылман театры (алғышқы мұсылман әйелдері ойнаған театрлардың бір), және тағы да басқа мәдени мекемелердің ашылу хронологиясы осы бәр пайымды растайтындай. Әрине, бұл Семей қаласына орнығып қалған «қадымшылардың» сынына ұшырғаны сөзсіз. Бірақ жәдитшілдердің де қадамшы-ескі қауымды сынайтын тұстары да болды. Дегенмен «қадымшыларды» өте қатты құрмет тұтқан Абайдың, бірден «жәдиттік» көзқарасының қалыптасып кетуі күмәнді. Оның бір себебі – жәдитшілдердің келуі Абайдың өмірінің соңғы кезеңіне келсе, екінші себебі – Абай, Риза ад-дин Хазіреттің шәкірті екенін ескеру керек. Бірақ Абайдың ИРГО Семей бөлімшесінің мүшесінің болуы да, оның жаңашылдыққа, нақтырақ айтсақ ғылым мен білімге ұмтылғаны, ұмтылдырғаны негіз болуы да мүмкін. Бұл жаңашылдық Абайдың интеллектуалдық санасының жетістігін көрсетеді. Жалпы осы қозғалыстар, көзқарастар да Абайдың қайраткерлігі мен құқықтық көзқарасына айтарлықтай әсер етті.

Қорытынды

Қай ғылымда да, әсіресе гуманитарлық салада орныққан, қалыптасқан ой-пікірлерді, тұжырым-қағидаларды оқтын-оқтын қайта қарап, жаңғыртып отыруға тура келеді. Бұл – уақыт талабы, әрі әрдайым даму үстінде болатын ғылым үдесі. Жаңа дерек, ақпараттар толыққан, толысқан тұста ескірген, күмәнді мәліметтері көбейген қағидаларды қайта қарау да – замана қажеттілігі.

Абай Құнанбайұлының қайраткерлік қызметі – қазақ халқының құқықтық, саяси және рухани тарихының аса маңызды бір бөлігі. Қазіргі таңда абайтану ғылымында ақынның

шығармашылық, философиялық мұрасы кеңінен зерттеліп, көпшілікке танылғанымен, оның ел басқару ісіндегі, би-болыстық қызметіндегі қайраткерлік қыры әлі де өз деңгейінде бағаланбай отыр. Абайтану деген тақырып – адамтану деген тақырып. Олай дейтін себебіміз адамды оның іс-тәжірбиесі, өмірлік ұстанымына сеп болған өмір жолдары арқылы зерделейсің. Ал, Абайдың ақындық қырынан ғана зерттеу тар түсінікке, оның ішінде түрлі сұрақтарға алып келуі мүмкін. Себебі Абайдың өзі құр босқа отырып тіленуді сөккен адам. Абай Құнанбайұлы өзінің 38-қара сөзінде: Яғни пенделіктің кәмәләты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазынасын кім іздейді?» — дейді. Абайдың пайымы кемелдену дегені тек қана қоғаммен, оның ішінде қоғамдық істермен болады дегені.

Абайдың болыстық қызметі мен билік айтудағы тәжірибесі – оның әділет, адамгершілік, парасаттылық қағидаттарын өмірде жүзеге асыру жолындағы күресінің көрінісі. Ол тек қайраткерлік қызмет атқарушы ғана емес, қоғамды түзетуші, ел бірлігін сақтау жолында табанды еңбек еткен тұлға ретінде танылады. 1885 жылғы Қарамола съезінде қабылданған «73 баптан» тұратын ереже – Абайдың құқықтық көзқарастарының жүйеленген, сонымен қатар оның қазақ әдет заңын реформалаудағы тарихи рөлін айқындайды.

Абай Қарамола ережесін түзуде тура 40 жаста болғаны тәжірбиелік сәйкестік. Қазақта: «Отызында орда бұзбаған, қырқында қырқа аспайды», – дейді. Абай өзінің қырық жасында қазақтың билер институтының көрнекті өкілі ретінде өмірінің жаңа бір белесіне аяқ басқанын байқаймыз. Абай тура 40 жаста! Ақындығы мен қайраткерлігі толық пісіп жетілген шақ. Толық жетілген Абайдың алғашқы ашқан қақпасы осы – «Қарамола ережесі» болды.

Қорыта айтсақ, Абай Құнанбайұлының қайраткерлік қызметі – қазақ тарихындағы демократиялық, құқықтық ой-сананың, реформаторлық идеяның жаңаша кезі. Оны терең тану – тек өткенді зерделеу емес, қазіргі ұлттық мемлекеттілік пен қоғамдық келісімнің іргетасын нығайту. Болашақ зерттеулер осы бағытта жүйелі түрде жалғасын табуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

Абай. 1992. №4. 77–78 беттер.

Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы / Құраст. Жиреншин Ә. – Алматы, 1961.

Абай еліндегі Ислам: тарихи танымдық басылым / А. Мұқанов, А. Жүнісханов, Д. Тілеубердиев. – Астана, 2025. – 312 б.

Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Өмірі мен творчествосы // Шығармалар жинағы, 18-том. – Алматы, 1985.

Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. – 134 б.

Букейханов А. Абай (Ибраһим) Құнанбаев (некролог) // Семипалатинский листок. 1905, № 250.

Кенжебаев Б. Абай // Еңбекші қазақ, 1925, 28–29 август.

Култелеев Т. Вопросы казахского обычного права в романе М. Ауезова «Абай» // Вестник АН КазССР, 1950. № 9. С. 99–110.

Коншин Н.Я. Что могут дать Семипалатинские архивы // Записки Русского географического общества. Семипалатинский подотдел. Вып. XVI.

Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы, 1994.

Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абай әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.

Омаров А. Абай: ашылмай келген қырлары. – Семей, 2015. – 266 б.

Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 112 б.

Рамазанов Н. Абай Құнанбаев (биографический очерк) // Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского. Москва, 1914, с. 224–227.

Таукелов А.Н. Политические взгляды казахского просветителя Абая Құнанбаева. // Ученые записки КазГУ, т. 29. Алматы, 1960. С. 91–107.

Тұрағұл Абайұлы. Әкем Абай туралы. – Семей, Абай қорық-мұражайы, 2014, 23-б.

Ысқақов К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі // Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері. СПб, 1909, 1–2-бб.

Зиманов С. Қазақтың ата заңдары. 5 том. – Алматы, 2005. – 544 б.

С.Т. Нуртолеуов^{1*}, М.К. Каримов²

Шәкарім университет (Семей, Қазақстан)

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АБАЯ

Аннотация. В статье анализируются общественно-политическая деятельность Абая, его волостное управление и историческая роль в реформировании традиционной казахской правовой системы. Несмотря на то, что в абаеведении творческое и философское наследие Абая всесторонне исследовано, его участие в управлении обществом, правовое мировоззрение и опыт вынесения решений по спорам до сих пор не получили в научном обороте комплексной и системной оценки.

Цель и задачи исследования состоят в том, чтобы на основе конкретных исторических событий и опубликованных архивных документов проследить основные этапы становления и развития общественно-политической деятельности Абая; выявить принципы его управления и правовое мировоззрение; дать научную оценку содержанию, структуре и историческому значению Қарамолинского положения 1885 года; определить место и актуальность темы абаеведения, связанной с деятельностью Абая как общественного деятеля.

В ходе исследования путём сопоставления архивных материалов, официальных документов XIX века, воспоминаний современников Абая, а также первых биографических работ (Букейханов, Искаков, Рамазанов) была уточнена хронология общественной деятельности Абая.

В заключение отмечается, что общественно-политическая деятельность Абая предстает как историческое явление, оказавшее влияние на переход казахского общества к новому уровню правового сознания и культуры общественного управления. Его служба, справедливость в разрешении споров, вклад в обновление правовых норм и реформаторские усилия оцениваются как важный этап в развитии национального правового мышления.

Ключевые слова: Семей, общественно-политическая деятельность, Абай Құнанбайұлы, обычное право, институт биев, Қарамолинское положение, краеведение.

S.T. Nurtoleuov^{1*}, M.K. Karimov²

Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

ABAI'S PUBLIC AND POLITICAL ACTIVITY

Abstract. The article analyzes Abai's socio-political activity, his administration as a volost governor, and his historical role in reforming the traditional Kazakh legal system. Although Abai's creative and philosophical legacy has been thoroughly studied in Abai studies, his participation in public administration, his legal worldview, and his experience in resolving disputes have not yet received a comprehensive and systematic scholarly assessment.

The aim and objectives of the research are to trace the main stages of the formation and development of Abai's socio-political activity on the basis of specific historical events and published archival documents; to identify the principles of his governance and his legal outlook; to provide an academic evaluation of the content, structure, and historical significance of the 1885 Karamola Statute; and to determine the place and relevance of this topic within Abai studies in relation to Abai's role as a public figure.

In the course of the research, by comparing archival materials, official documents of the 19th century, memoirs of Abai's contemporaries, as well as early biographical works (Bukeikhanov, Iskakov, Ramazanov), the chronology of Abai's public activity was clarified.

Conclusion. Abai's socio-political activity appears as a historical phenomenon that influenced the transition of Kazakh society to a new level of legal consciousness and public governance culture. His service, fairness in dispute resolution, contribution to the renewal of legal norms, and reformist efforts are assessed as an important stage in the development of national legal thought.

Keywords: Semey, public and political activity, Abai Qunanbaiuly, customary law, institution of judge, Qaramola Regulations, local history.

References

- Abai. (1992). №4, pp. 77–78.
- Abai Qunanbaev. *Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy* [Complete Works] / Comp. by Ä. Zhirenschin. – Almaty, 1961.
- Abai elindegi Islam: tarikhy tanyndyq basylym [Islam in Abai's Land: Historical-cognitive publication] / A. Mukanov, A. Zhūnisqanov, D. Tileuberdiev. – Astana, 2025. – 312 p.
- Auezov M. Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Ömiri men tvorchestvasy [Life and creative work] // *Shyǵarmalar jınaǵy*, Vol. 18. – Almaty, 1985.
- Baigaliev B. *Abai ömirbairany arkhiv derekterinde* [Abai's Biography in Archival Sources]. – Almaty: Arys, 2001. – 134 p.
- Bukeikhanov A. “Abai (Ibrahim) Kunanbaev” (Nekrolog) // *Semipalatinskiy listok*. 1905, No. 250.
- Kenzhebaev B. “Abai” // *Enbekshi qazaq*, 1925, August 28–29.
- Kulteleev T. “Voprosy kazakhskogo obychnogo prava v romane M. Auezova ‘Abai’” [Issues of Kazakh customary law in M. Auezov's novel *Abai*] // *Vestnik AN KazSSR*, 1950, No. 9, pp. 99–110.
- Konshin N. Ya. “Chto mogut dat' Semipalatinskiye arkhivy” [What the Semipalatinsk archives can provide] // *Zapiski Russkogo geograficheskogo obshchestva. Semipalatinskiy podotdel.*, Issue XVI.
- Myrzakhmetov M. *Abaitanu tarihy* [The History of Abai Studies]. – Almaty, 1994.
- Myrzakhmetov M. *Mukhtar Auezov zhane Abai alemi* [Mukhtar Auezov and the World of Abai]. – Almaty: Sanat, 1997. – 416 p.
- Omarov A. *Abai: ashylmai kelgen qyrlary* [Abai: Unrevealed Aspects]. – Semey, 2015. – 266 p.
- Özbekuly S. *Abai zhane adam quqy* [Abai and Human Rights]. – Almaty: Zheti Zhargy, 1995. – 112 p.
- Ramazanov N. “Abai Qunanbaev (biograficheskiy ocherk)” // *Vostochnyy sbornik v chest' A. N. Veselovskogo*. – Moscow, 1914, pp. 224–227.
- Taukelov A. N. “Politicheskie vzglyady kazakhskogo prosvetitelya Abaya Kunanbaeva” // *Uchenye zapiski KazGU*, Vol. 29. – Almaty, 1960, pp. 91–107.
- Turagul Abaiuly. *Äkem Abai turaly* [About My Father Abai]. – Semey: Abai State Reserve-Museum, 2014, p. 23.
- Ysqaqov K. “Abai (Ibrahim) Qunanbaiulyń ömiri” // *Qazaq aqyny Ibrahim Qunanbaiulyń öleńderi*. – Saint Petersburg, 1909, pp. 1–2.
- Zimanov S. *Qazaqyń ata zańdary* [Ancient Laws of the Kazakhs]. Vol. 5. – Almaty, 2005. – 544 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Нұртөлеуов Сұлтанбейбарыс Талғатұлы – Тарих және археология ғылыми орталығының кіші ғылыми қызметкері, «Тарих» білім беру бағдарламысының магистранты.

Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы – Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Сведения об авторах

Нұртөлеуов Сұлтанбейбарыс Талғатұлы – младший научный сотрудник Научного центра истории и археологии, магистрант образовательной программы «История».

Каримов Мухтарбек Карпыкович – кандидат исторических наук, доцент.

Information about authors

Nurtoleuov Sultanbeibarys – Junior Researcher at the Scientific Center for History and Archaeology, Master's degree student in the educational program "History".

Karimov Mukhtarbek – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.

Авторлардың үлесі

Нұртөлеуов Сұлтанбейбарыс Талғатұлы – мақаланың мәтінін дайындады, зерттеу құрылымын жасады, архивтік және тарихи деректерді талдады, жалпы қорытындыларды тұжырымдады.

Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы – мәтінді ғылыми өңдеуге, құрылымын реттеуге, зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін нақтылауға әдістемелік көмек көрсетті.

Вклад авторов

Нұртөлеуов Сұлтанбейбарыс Талғатұлы – подготовил текст статьи, разработал структуру исследования, провёл анализ архивных и исторических источников и сформулировал основные выводы.

Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы – оказал методологическую помощь в научной редакции текста, его структурировании и уточнении теоретико-методологических оснований исследования.

Authors' contributions

Nurtoleuov Sultanbeibarys – prepared the text of the article, developed the structure of the study, analyzed archival and historical sources, and formulated the main conclusions.

Karimov Mukhtarbek – provided methodological support in the academic editing and structuring of the text, as well as in clarifying the theoretical and methodological foundations of the study.